

Жетісу облысының адам саудасына қарсы іс-қимыл жөніндегі өнірлік комиссиясының ережесін бекіту туралы

Жетісу облысы әкімдігінің 2025 жылғы 5 ақпандағы № 40 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27, 37-баптарына, "Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 11-бабы 5-тармағына сәйкес Жетісу облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жетісу облысының адам саудасына қарсы іс-қимыл жөніндегі өнірлік комиссиясының ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін

2. Комиссиясының жұмыс органды болып Жетісу облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы айқындалсын.

3. "Жетісу облысында адамдарды заңсыз әкетуге, әкелуге және адам саудасына қарсы күрес мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы" облыс әкімдігінің 2024 жылғы 14 маусымдағы №199 қаулысы жойылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Исабаев

Жетісу облысы әкімдігінің 2025 жылғы

"___" _____ № ____ қаулысына
қосымша

Жетісу облысының адам саудасына қарсы іс-қимыл жөніндегі өнірлік комиссиясы туралы ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жетісу облысының адам саудасына қарсы іс-қимыл жөніндегі өнірлік комиссиясы туралы ережесі (бұдан әрі – Ереже) "Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 5-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Жетісу облысының адам саудасына қарсы іс-қимыл жөніндегі өнірлік комиссия (бұдан әрі – Комиссия) Жетісу облысының жергілікті атқарушы органды (бұдан әрі – ЖАО) жаңындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және зандарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2-тaraу. Комиссияның міндеттері мен функциялары

4. Комиссияның міндеттері:

- 1) адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы қазіргі ахуалды талдау;
- 2) мыналар:

зансыз әкетуге, әкелуге, адам саудасына қарсы іс-қимыл және адам саудасының құрбандарына көмек көрсету мәселелері;

адам саудасының жағдайы және осы құбылыстың қауіптілігі, көрсетілген салада бар құқық қорғау шаралары және көмек сұрауға жүгіну мүмкіндіктері туралы халықты хабардар ету;

адам саудасының алдын алу және жолын кесу, сондай-ақ адам саудасының құрбандарын қорғау және оларға көмек көрсету саласында қабылданған халықаралық құқықтық құжаттарға сәйкес Қазақстан Республикасының заннамасын жетілдіру;

адам саудасына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға және оларға көмек көрсетуге бағытталған жұмыстың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу.

5. Комиссияның функциялары:

1) талап етілетін ақпаратты алу үшін адам саудасына қарсы іс-қимыл субъектілеріне сұрау салуды жіберу;

2) адам саудасына қарсы іс-қимыл субъектілерін олар жүргізетін жұмыс туралы отырысқа шақыру және тыңдау, сондай-ақ олардың қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

3) тәуелсіз сарапшыларды, мамандар мен ғалымдарды тарту;

4) адам саудасына қарсы іс-қимыл және адам саудасының құрбандарына көмек көрсету саласындағы проблемаларды шешуде мемлекеттік органдармен, қоғамдық бірлестіктермен және ұйымдармен, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау;

5) адам саудасына қарсы іс-қимыл жөніндегі тиісті бағдарламалар мен жоспарларды әзірлеу бойынша ұсыныстар әзірлеу.

3-тaraу. Комиссияның құрамы, қызметін үйымдастыру және тәртібі

6. Комиссия құрамы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен облыс әкімінің өкімімен бекітіледі.

7. Комиссия төрағадан, төрағаның орынбасарынан, комиссия мүшелерінен және хатшыдан тұрады. Комиссия хатшысы Комиссияның жұмыс органы қызметкерлерінің арасынан айқындалады және оның мүшесі болып табылмайды.

8. Комиссия құрамына жергілікті атқарушы органның халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және ақпарат, туризм

және спорт, ішкі саясат, аумақтық полиция органдарының, прокуратуралының, әділет органдарының, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпіздік комитетінің Шекара қызметі бөлімшелерінің және коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері кіреді.

9. Комиссия тәрағасы облыс әкімінің орынбасары болып табылады.
10. Жұмыс органдарының функциялары жергілікті атқарушы органдарының халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту тиісті құрылымдық бөлімшесіне жүктеледі.
11. Комиссия отырысын комиссия тәрағасы, ал ол болмаған кезде тәрағаның орынбасары өткізеді.
12. Комиссияның жұмысы жылдық жоспар негізінде жүзеге асырылады.
13. Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жартыжылдықта кемінде бір рет өткізіледі және егер оларға Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып саналады.
14. Комиссияның шешімі ұсынымдық сипатта болады.
15. Комиссияның қызметін үйлестіруді адам саудасына қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомствоаралық комиссия жүзеге асырады.

16. Комиссияның жұмыс органы Комиссия жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның ішінде Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстар, қажетті құжаттар, материалдар дайындауды, олар хаттама жобасын қоса бере отырып, комиссия отырысы өткізілгенге дейін үш жұмыс күні бұрын Комиссия мүшелеріне жолдануы тиіс.

17. Комиссия отырысы өткізілгеннен кейін Комиссия хатшысы хаттама ресімдейді.
18. Комиссияның шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер олар үшін Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысы берілсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыс беру Комиссия отырысында осы Ережеге қосымшага сәйкес нысан бойынша дауыс беру парапын толтыру арқылы жүргізіледі. Дауыстар тең болған жағдайда тәраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Комиссия мүшелерінің ерекше пікірге құқығы бар, ол білдірілген жағдайда жазбаша түрде жазылуға және осы Ереженің қосымшасына сәйкес көзделген комиссия есебіне-хатқа қоса берілуге тиіс.

Комиссия отырыстарын өткізу нәтижелері бойынша және дауыс беру параптарының негізінде үш жұмыс күні ішінде Комиссия тәрағасы мен хатшысы қол қоятын хаттама жасалады.

Дауыс беру қорытындылары бойынша хаттама жобасының мазмұны өзгерген кезде Комиссия хатшысы қабылданған шешімнің нақтыланған редакциясымен дауыс беру парапын Комиссия мүшелеріне келісу үшін жолдайды.

Комиссия мүшелері дауыс беру парапын алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде келісу не себептерін негіздей отырып, келіспеу туралы жауап жолдайды.

19. Дауыс беру парақтарын қоса бере отырып, Комиссияның материалдары мен хаттамалық шешімдерін есепке алуды және сақтауды Комиссияның жұмыс органы жүзеге асырады.

Жетісу облысының адам саудасына
карсы іс-қимыл жөніндегі өнірлік
комиссия туралы ережеге қосымша

Комиссия/жұмыс тобы мүшелерінің КЕЛІСУ ПАРАФЫ

Т.А.Ә., лауазымы

№ _____ отырыс _____ күні

Сұрақтың №	Сұрақтың мазмұны	Шешім жобасы	Комиссия/жұмыс тобы мүшесінің шешімі				
			қолдаймын	қолдамаймын	пышықтау	күн тәртібінен алу	ескертпе (егер шешім қолдау тапса толтырылмайды)
1.							

Қолы

Ескертпе: комиссияның/жұмыс тобының отырысында тікелей толтырылады және дауыс беру нәтижелерін есепке алу үшін жұмыс органының қызметкерлеріне беріледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК